

С.Ж.АСФЕНДИЯРОВ АТЫНДАҒЫ
ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ МЕДИЦИНА
УНИВЕРСИТЕТИ



КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
МЕДИЦИНСКИЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ С.Д.
АСФЕНДИЯРОВА

Эпидемиология кафедрасы

ПРЕЗЕНТАЦИЯ

Тақырыбы: Әлемде және Қазақстанда туберкулездің
жағдайы

Орындаған: Сеилхан А.С

Қабылдаған: Құсаинова А.Ж

Топ:МПД13 – 001 -01қ

Алматы – 2016 ж

ЖОСПАР

- Кіріспе
- Туберкулездің таралуы, белгілері
- Туберкулездің берілуі
- Туберкулезге қарсы шаралар ДДҰ
- Қорытынды
- Пайдаланған әдебиеттер

КІРІСПЕ

Бұл ауа-тамшыларымен таралатын жұқпалы ауру және ағзаға туберкулез бактериялары түскенде дамиды. Ең алдымен өкпе, кейде басқа органдарды да зақымдайды. Жұқтыру көзі туберкулезге шалдыққан адам болып табылады.

- Туберкулез қоздырғыштары ауру адам сөйлегенде, жөтелгенде, оқығанда, түшкіргенде бактерия шығару арқылы ауаға тарайды. Ауаны жұтқан адамдарға бактерия жоғарғы тыныс алу жолдарына, өкпелеріне түседі. Осылайша туберкулезді жұқтыру жүреді.

Туберкулез

Туберкулез кеселі - әлемде кең тараған жұқпалы аурудың бірі. Өлім-жітім көрсеткіші жағынын жұқпалы аурулардың ішінде туберкулез екінші орында. Туберкулезді кез-келген адам жұқтырып алуы мүмкін, сондықтан әр адам одан сақтану жолдарын білуі қажет. Әлем бойынша аса өзекті және денсаулық сақтау министрлігінің жете бақылап отырған мәселелерінің бірі болып табылады.

Туберкулез ауруының микроорганизмдері жер бетіндегі тұрғындардың 1/3 бөлігін зақымдайды. Жыл сайын 9 млн-ға жуық адам туберкулез ауруынан қайтыс болады, өлім саны артып отыр. Қазақстанда барлық өлім саны бойынша туберкулез ауруы 3-ші орында тұр. Әр түрлі аурулардың өлім нәтижелерінің қауіпті индексі мынадай: Кейінгі 10 жылда 30 млн адам туберкулезден ауырып, қайтыс болған және 90 млн туберкулез ауруының жаңа жағдайлары пайда болады. Қайтыс болғандардың 80% - 15-59 жастағы адамдар.

Туберкулез қоздырғыштары - патогенді микобактериялардың әр түріне жатады, сырқаттанушылықтың екі түрлі нозологиялық формаларын тудырады.

Туберкулез

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымының соңғы мәліметтері бойынша әлемде 8,6 миллионға жуық адам туберкулезге шалдықса, оның ішінде жарты миллионы көпдәріге төзімді түрімен ауырады, ал 1,3 миллион адам осы аурудан көз жұмады. Туберкулез проблемалары ұлттық орталығында журналистер отандық медицина саласының қызмет көрсетуін дүниежүзілік стандарттарға сай етіп жасалғандығын көзбен көріп, қолмен ұстады. Науқастар ем-дом шараларын арнайы дәрігерлердің анықтаған ауру түріне байланысты қабылдайды екен. Олар науқастың диагнозын "*Hain-test, GeneXpert*" деп аталатын арнайы инновациялық лаборатория технологияларының көмегімен анықтайды. Сараптамаға 2 сағат уақыт кетеді. Ол дегеніңіз, ауруды неғұрлым тез анықтасаңыз, соғұрлым ауруды таратпай, уақыт ұтып, асқындырмай, емдеу шараларына бірден кірісіп кетуге мүмкіндік аласыз деген сөз.

- Туберкулинді сынамалар-ол спецификалық диагностикалық тест болып саналады. Олар тұрғындарды туберкулезге жаппай тексергенде, сонымен қатар туберкулездің дифференциалды диагнозын жүргізу үшін қолданылады.
- Туберкулинді Р.Кох ашқан, оны кейіннен Кохтың ескі туберкулині (Alt Tuberculin Koch)-АТК-немесе Кохтың алтуберкулині деп те атаған.
- Қазіргі кезде ескі туберкулин синтетикалық жасанды ортада дайындалады, 100%-ы ерітінді күйінде, ампулада шығарылады.
- Елде ППД-Л туберкулинінің екі түрі шығарылады: тазартылған стандартты ерітінді түріндегі туберкулин және тазартылған құрғақ туберкулин.

Симптомдар көрсетеді

Жедел ағым


Өкпе қабынуын немесе тұмауды еске салады

Жасырын ағым

Манту реакциясында аңғарылады

Әдеттегі ағым

Көбіне жиі кездеседі



1.

Дене қызуының артуы, басым күйде кешке кездеседі

2.

Түнге қарау терлеу, нашар ұйқы

3.

Тәбет пен дене массасының төмендеуі

4.

Оқу үлгірімінің құрбыларынан қалыс қалуы, айналадағыға қызығуының азаюы

Туберкулездің әдеттегі суық тиюді еске салып өзіне тән симптомсыз өтуі мүмкін


Туберкулездің белгілері:

- -әлсіздік, тез шаршау;
- -асқа зауқы соқпау, жүдеу;
- -3 аптадан аса жөтеліп жүру;
- -түнде немесе ұйқыдан оянған кезде терлеу;
- -дене қызуының 37 градустан жоғары көтерілуі;
- -түстен кейінгі мезгілде бейжай болуы.

Осындай белгілер білінсе міндетті түрде терапевт-дәрігерге көрініп қақырықты үш күн қатарынан үш рет “Кох таяқшасына” тексеру керек. Қақырықты жинау әр уақытта медицина қызметкерінің бақылауы арқылы терең тыныс жолдарынан алынғаны дұрыс. Егер тексерілген қақырықта туберкулез микробактериясы табылмаса, онда ол науқас рентген арқылы тексерілуі тиіс. Әр нәрсенің алдын алған жөн, себебі туберкулездің жеңіл түрі болса, ол тез емделіп, тез жазылады. Қандай жағдайда болмасын, туберкулезге шалдыққан адам тез арада емделуі қажет. Қазіргі жағдайда туберкулезбен ауырған жанды емдеп жазуға болады.

Туберкулездің таралуы, 2011 ж.


100 000 халыққа шаққанда



Туберкулездің берілуі

- Әлемдегі әрбір үшінші адамда туберкулез бактериялары болады. Бұл індетпен ауыратын адамдардың басым бөлігін абақтыны мекен етушілер, нашақорлар, үйсіз жүрген қаңғыбастар, жезөкшелер мен шеттен келген келімсектер құрайды. Алайда, соңғы кездері әлеуметтік жағдайы жақсы адамдардың арасында да туберкулезге шалдығушылар саны артуда. Жоғарыда аталған адамдардан кейін олармен жақын қатынаста болған адамдар — абақты қызметкерлері, дәрігерлер, әлеуметтік сауықтыру орталығындағы қызметкерлер және науқас адаммен бірге тұратын туған-туыстары.
- Туберкулез таяқшалары бала кезден немесе жасөспірім кездерде пайда болады. Бірақ барлық адам ауыра қоймайды. Егер жақсы тамақтанып, жақсы күтініп және салауатты өмір салтын (ішімдік ішпей, темекі шекпей, спортпен айналысып) ұстанатын болса, онда адамның иммундық жүйесі туберкулездің тууына жол бермейді.

ЖҰҚТЫРУ



KazMedic.kz

Ауру адам

Сау адам

«Туберкулез туралы ойланыңыз!»



Туберкулезге қарсы қызметті қаржыландыру көлемі жыл сайын артып келеді. 2013 жылы мемлекеттік бюджеттен 35472,2 миллион теңге бөлінді. Соңғы үш жылда қаржыландыру 3 есеге артты. Оған қоса, туберкулезге шалдыққан науқастарды жаңа технология мүмкіндіктерін пайдаланып емдеу дұрыс жолға қойылды.

Туберкулез проблемалары ұлттық орталығы директоры, медицина ғылымдарының докторы **Тілеухан Әбілдаев**: «Біз дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымымен ақылдаса отырып, науқасты емдеу мен сырқаттан алдын алу шараларын, қазақстандық медицина институттарымен байланыс жасап, арнайы ем жасау түрлерін дамытудамыз. Қазақстан соңғы он жылда сырқаттану көрсеткішін 54,4 пайызға, ал өлім көрсеткішін 72,8 пайызға төмендеткен. Бұл көрсеткішке ТМД мемлекетін айтпағанда Еуропа елдері де қол жеткізе алмай келеді. Қазақстан – әлемдегі туберкулез ауруына шалдыққан адамдарды дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ететін жалғыз мемлекет. Оған қарамастан, Үкімет туберкулезбен күресу мақсатында 2014-2020 жылдарға арналған кешенді жоспар қабылдады. Бұл бастаманы ДДҰ қолдады.

Қорытынды

Қазіргі білім беру жүйесінде технологиялардың алатын орны ерекше, себебі әрбір оқытушы жаңа технологияны ұтымды пайдалана отырып, жақсы жетістіктерге жетуге мүмкүндік алады. Өзінің кәсіби білім деңгейін көтереді және оқушылардың білім сапаларын арттыра түседі. Заманауи технологияларды тиімді қолдану - қазіргі заманғы оқытушылардың педагогикалық құзыреттілігінің көрсеткіші.

Бірінші байлық – денсаулық

Екінші байлық – ақ жаулық

Үшінші байлық – он саулық демекші, ең алдымен саналы да жарқын өмір сүру үшін денсаулық қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР:

- 1. «Қазақстан»: Ұлттық энциклопедия / Бас редактор Ә. Нысанбаев – Алматы «[Қазақ энциклопедиясы](#)» Бас редакциясы, 1998 жыл. VIII том
- 2. Патологиялық анатомия терминдерінің орысша – латынша – қазақша түсініктеме сөздігі.- Ақтөбе.
- 3. С.Ә.Әміреев: «Жұқпалы аурулардың стандартты анықтамалары және іс – шаралар алгоритмдері» I том, Алматы, 2009жыл